

Қарағанды медицина университетінің патология кафедрасының  
қауымдастырылған профессоры Х. Р. Әбдіқадырованың «Гормондардың  
әсер ету механизмдерінің заманауи аспектілері» оқу құралына

### П І К І Р

Осы оқу құралы эндокриндік жүйенің патологиялық физиологиясы бойынша заманауи нұсқаулық болып табылады. Оның мақсаты – медициналық жоғары оқу орындарының студенттері арасында адамның эндокриндік қызметі және оны реттеу туралы негізгі, тұтас, нақты түсінік қалыптастыру. Қалыптан ауытқуды суреттеу ретінде гормондардың биосинтезі бұзылған кезде әртүрлі эндокриндік жүйелердің гиперфункциясы және (немесе) гипофункциясы нәтижесінде пайда болатын клиникалық көріністер келтірілген, олар жасушалық деңгейде барлық метаболиттік үдерістерді реттейді және осы жүйелер мен тұтастай алғанда ағза қызметінің бұзылуының патологиялық байланыстарын анықтауға көмектеседі. Сондай-ақ, әрбір жағдайды анықтайтын жасушалық деңгейде түсінуге және есте сақтауды дамытуға арналған иллюстрациялық суреттер келтірілген. Осы клиникалық көріністерді талдау және бақылау дәрілік заттардың көмегімен эндокриндік жүйелердің қызметтерін түзетудің физиологиялық, биохимиялық және патологиялық қағидаларын анықтау үшін қажет. Материалды ұсынудың бұл әдісі студенттер мен дәрігерлердің клиникалық практикада кездесетін эндокриндік бұзылулардың күрделі жиынтығын жақсы түсінуге көмектеседі. Оқу құралы эндокриндік жүйені ұйымдастыруға, гормондардың ашылу тарихына, олардың химиялық құрылымына, синтезі мен метаболизміне қатысты мәселелерді ашады. Гормондардың әсер ету механизмдері және олардың физиологиялық әсерлері егжей - тегжейлі қарастырылған. Қалқанша безінің, қалқанша маңы бездерінің, бүйрек үсті безінің, ұйқы безінің, эпифиздің, тимустың және репродуктивті мүшелердің эндокриндік қызметтері, арахидон қышқылының гормондары, диффузды бездердің жасушалары егжей - тегжейлі сипатталған. Қандағы және адамның басқа биологиялық сұйықтықтарындағы гормондардың концентрациясының қалыпты мәні туралы мәліметтер келтірілген.

Ұсынылған материал жан – жақты үйлесімді және жүйелілікпен, сауаттылықпен сипатталған. Нұсқаулық бай иллюстрациялық материалдармен қамтылған: жасушалық деңгейдегі суреттер, сызба - нұсқалар. Нұсқаулықта келтірілген мәліметтер патофизиология ілімі бойынша дәрістер мен практикалық сабақтарда, студенттердің өз бетінше жұмыстарды орындау және дайындалу барысында қолданылады. Оқу құралының мазмұны медициналық жоғары оқу орындары үшін патофизиология бойынша ресми білім беру бағдарламасына және «Жалпы медицина», «Стоматология» және «Фармация» мамандықтарының жаңа білім беру стандартына сәйкес келеді. Қауымдастырылған профессор Х. Р. Әбдіқадырованың «Гормондардың әсер ету механизмдерінің заманауи аспектілері» оқу құралы дәрігер – студенттерді оқыту үдерісінде қолдану